ДОСБОЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ
ШЕШІМІ

Досбол ауылы № 12 «01» шілде 2024 жыл

Шағалалы негізгі мектебі қазандығын табиғи газбен қамту үшін құрылыс нысанының жобалау және техникалық шарттарын дайындау туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35-бабына, Сарысу ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Д. Шалбаевтың 2024 жылдың 26 маусымдағы №25 хатына сәйкес Досбол ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сарысу ауданы Досбол ауылдық округіне қарасты Шағалалы негізгі мектебінің жылу қазандығын табиғи газбен қамту үшін құрылыс нысанының жобалық-сметалық құжаттарын рәсімдеуге және техникалық құжаттарын дайындауға рұқсат етілсін.

2. Сарысу ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөліміне жобалық-сметалық құжаттарды арнаулы лицензиясы бар мекеме, кәсіпорындар арқылы дайындау, оны мемлекеттік сараптамадан өткізу жұмыстарын жүргізу ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын қамтамасыз ету ауылдық округ әкімі аппаратының бөлімше басшысы Ордабаев Әмірбек Дүйсенбайұлына жүктелсін.

Ауылдық округ әкімі **А. Сапарбек**